

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы
жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының
№ 30 ХАТТАМАСЫ**

20.06.2025ж.

Алматы қ.

**Өткізу форматы: аралас.
"БЖЗҚ" АҚ ОА/онлайн
(Cisco Webex Meetings)**

ҚАТЫСТЫ

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы
жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері (бұдан әрі - Кеңес, ҚК)

- 1) Евгений Сейпульник, ҚК төрағасы;
- 2) Гүлсара Алтынбекова;
- 3) Татьяна Батищева;
- 4) Елена Бахмутова;
- 5) Жомарт Нұрабаев;
- 6) Петр Своик;
- 7) Жұмагүл Тәжібекова;
- 8) Дана Джарлыгапова;

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының
(бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж.Б. Құрманов, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) С.А. Егеубаева, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) А.П. Жексембай, «БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары;
- 4) К.Н. Фазылова, "БЖЗҚ" АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 5) М.А. Акмаева, "БЖЗҚ" АҚ Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, ҚК хатшысы.

Шақырылған қатысушылар:

- 1) Алмабек Жанбеков, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) құнды қағаздар нарығы департаменті директорының орынбасары.

Отырысқа Кеңестің 8 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Зейнетақы активтерін басқарушылардың қызметін бағалау кезінде композиттік бенчмаркты енгізу шеңберіндегі алдағы жаңашылдықтар туралы ҚНРДА ақпараты;

- 2) Актуарлық талдау: демографиялық трендтер және зейнетақы жинақтарының ағындары;
- 3) ҚҚ 2024 жылғы қызметі туралы есеп;
- 4) Өртүрлі

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша ҚНРДА бағалы қағаздар нарығы департаменті директорының орынбасары Алмабек Жанбеков баяндады. Ол зейнетақы активтерін басқарушылардың қызметін бағалау кезінде композиттік бенчмарк енгізу аясындағы алдағы жаңашылдықтар туралы ақпарат берді.

Баяндамашы бүгінгі күні БЖЗҚ 5 инвестициялық портфельді басқарушымен (ИПБ) зейнетақы активтерін (бұдан әрі – ЗА) сенімгерлік басқару туралы шарттар жасағанын атап өтті. Ол жылдар бойынша (2022-2024 жж.), сондай-ақ 01.06.2025 ж. жағдай бойынша соңғы 12 айда және биылғы 5 айда ИПБ сенімгерлік басқаруға берілген ЗА табыстылығының динамикасын көрсетті. Бұдан әрі 2023-2024 жж. бөлінісінде, сондай-ақ 2025 жылғы 5 ай ішінде ИПБ сенімгерлік басқаруындағы ЗА-ны жеке басқарушы компаниялар арасында бөлу құрылымы ұсынылды.

Баяндамашының айтуынша, ИПБ-ға басқаруға берілген зейнетақы каражаты көлемінің үдемелі өсуі байқалады, бұл ретте олардың құрылымындағы ең үлкен үлес Halyk Finance компаниясына тиесілі (2024 жылдың қорытындысы бойынша – 65%). Баяндамашы басқарылатын ЗА-ның жалпы көлеміндегі ИПБ үлесі жеке басқарушы компаниялар қызметінің тиімділігін бағалау үшін маңызды екенін, сондай-ақ ИПБ басқарған ЗА портфелінің құрылымын көрсетті және 01.06.2025 ж. жағдай бойынша активтердің көпшілігі облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі - МБҚ) екенін атап өтті. Ал олардың 5 компанияның сенімгерлік басқаруындағы үлесі 73%-дан 98%-ға дейін жетеді. Активтерді бөлудің бұл әдісі портфельдің 70%-дан астамы облигациялар мен МБҚ құрайтын консервативті инвестициялау стратегиясына сәйкес келеді.

Бұдан әрі Алмабек Жанбеков аталған тәсілдің кемшіліктері туралы сөз қозғады (салымшыларда таңдау мүмкіндігінің болмауы, басқарушылардың инвестициялық мүмкіндіктерінің шектелуі, олардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің ең көп мөлшері бар ИПБ-ның орташа табыстылықты қалыптастыруға елеулі әсері). Бұл кемшіліктер ҚНРДА-ны ИПБ қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге итермелегенін атап өтті.

Баяндама барысында Алмабек Жанбеков жаһандық акциялар мен облигациялар нарығы кірістілігінің (LTCMA) ұзақ мерзімді, сондай-ақ жаһандық орташа жылдық инфляция бойынша болжамдарын көрсетті. Одан кейін ҚНРДА-ның инвестициялық портфельдің үш нұсқасын (моделін) қамтитын бенчмарк құру туралы ұсыныстарын жеткізді: тәуекелді, консервативті, орташа және олардың арасындағы негізгі айырмашылықтарды

белгіледі. Зейнетақы активтерін басқарушылар композиттік индекстер негізінде инвестициялық стратегиялар үшін эталондық портфельді дербес әзірлейтінін және бекітетінін атап өтті. Инвестициялық портфельдің кірістілігі таңдалған стратегияға және инвестициялық кезеңге сәйкес есептеледі.

Баяндамадан кейін Татьяна Батищева композиттік индекс үшін жалпы кірістілік стандарты бар-жоғын нақтылады. Баяндамашы индекстер кең нарықты, соның ішінде жаһандық акциялар мен облигацияларды қамтитынын түсіндірді. Осылайша жеке басқарушы компанияларға осы индекстерге кіретін акциялар мен облигацияларды сатып алуға мүмкіндік беріледі, бұл олардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтеді және олар өздерінің стратегияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін ағымдағы индексден 1,2 деңгейінде ауытқуға мүмкіндіктері бар.

Татьяна Батищева композиттік индекс негізінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін (бұдан әрі - ҚРҰБ) айналып өтіп, жеке басқарушы компанияларға ғана қатысты екенін нақтылады. Баяндамашы ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқаруды инвестициялық стратегияға сай ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асыратынын және өз басқаруындағы зейнетақы активтерінің сақталуына негізделген консервативті тәсілді ұстанатынын атап өтті. Алайда салымшылардың таңдауы бар – олар қаражатының бір бөлігін ИПБ-ға бере алады, оған қоса алдағы уақытта портфельді басқару моделін таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Татьяна Батищевадан тағы бір сұрақ түсті: кірістер қалай бөлінеді және егер салымшылар ұсынылған портфельдерді басқарудың үш моделінің бірін таңдаған болса, салымшылардың қаражатын есепке алу механизмі қалай жүзеге асырылады?

Баяндамашы бұл жаңашылдықтар 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді, жұмыс тобы құрылды, оған ИПБ, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы, БЖЗҚ және ҚРҰБ өкілдері кіретінін айтты. Жалпы тұжырымдама ұсынылған және мақұлданған. ИПБ-лардың салымшылармен өзара іс-қимыл тетігін әзірлеуге жеткілікті уақыт бар. Жеке басқарушы компанияларға құрылатын инвестициялық портфельдердің санын (тәуекелді, консервативті және орташа) дербес айқындау құқығы беріледі. Бастапқы кезеңде олар консервативті басқару моделін таңдап, одан әрі қосымша портфельдер құра алады. Басқару нәтижелері 2027 жылы алғаш рет бағаланады. Қазақстандық заңнамада сондай-ақ ИПБ-дан активтерді ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ-ға ерікті түрде қайтару мүмкіндігі көзделген.

Татьяна Батищева сондай-ақ нарық қатысушыларына ерікті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі-ЕЗЖ) тартуға мүмкіндік беріле ме және бұл үшін қандай ынталандыру шаралары енгізілмек деген сұрақ қойды. Алмабек Жанбеков салымшылар ИПБ-ға ЕЗЖ-ның 100%-на дейін аудары алады, осының өзі ынталандыру шарасы деп жауап берді. Алдағы уақытта қосымша ынталандыру тетіктерін әзірлеу жоспарлануда.

Баяндаманы талқылау барысында кірістілік динамикасын салыстырмалы талдауда ҚРҰБ қызметінің көрсеткіштері бойынша деректер де болғаны жөн деген ұсыныс айтылды.

Бұдан кейін Гүлсара Алтынбекова сұрақ қойды: салымшыға осы жаңашылдықтар не береді? Баяндамашының айтуынша, ЗА-ны басқарудағы жаңа тәсіл салымшыға таңдау мүмкіндігін береді, бірақ инвестицияларға ұзақ мерзімді деп қарау керек, сондықтан ЗА-ның табыстылығын ұзақ мерзімді перспективада талдау қажет. Сондай-ақ Алмабек Жанбеков басқарушылар өз басқаруында ЗА-ның ең үлкен пулына ие компанияларды бағдарға ала отырып инвестиция салатынын атап өтті.

Дана Джарлыгапова зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз ету үшін ИПБ қандай кепілдіктер береді деп сұрады. Баяндамашының айтуынша, инвестициялар әрқашан тәуекелмен байланысты, алайда ИПБ активтердің кірістілігінің ең төменгі деңгейінен кем емес табыстылықты қамтамасыз етуге тиіс. Бұл деңгей ЗА басқару нарығында жұмыс істейтін барлық ИПБ-ға басқаруға берілген ЗА-ның орташа кірістілігі негізінде есептеледі. Егер ИПБ кірістіліктің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етпесе, онда ол пайда болған теріс айырмашылықты өз қаражаты есебінен өтеуге міндетті.

ҚНРДА толық баяндамасы enpf.kz сайтында "Қоғамдық кеңес – хаттамалар мен презентациялар" – 30 отырыс» бөлімінде орналастырылған.

Ұсыныстар:

- ҚНРДА бағалы қағаздар нарығы департаменті директорының орынбасары Алмабек Жанбековтың зейнетақы активтерін басқарушылардың қызметін бағалау кезінде композиттік бенчмарк енгізу шеңберіндегі алдағы жаңашылдықтар туралы баяндамасы назарға алынсын;
- Табыстылық динамикасын салыстырмалы талдауда ҚРҰБ қызметінің көрсеткіштерін көрсету ұсынылсын.

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" - 8

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Қордың стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары Абылай Жексембай баяндады. Ол 2025 жылдың 1 қаңтарындағы демографиялық жағдайға шолу жасаудан бастады. Ұсынылған деректерге сәйкес Қазақстан халқының саны 01.01.2025 ж. 20 283 399 адамға жетіп, өткен жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда 1,23% - ға өсті. Бұдан әрі баяндамашы БЖЗҚ есептеулеріне сәйкес халықтың жасына қарай құрылымын, туған кездегі өмір сүру ұзақтығын, қазіргі нақты халық саны мен болжамын көрсетті. Халықтың қартаюы жағдайында ол екі

негізгі факторды атап өтті: туудың төмендеуі (БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай туу коэффициенті 2,80-нен 2,39-ға дейін төмендейді, әлемдік орташа көрсеткіш 2,15) және өмір сүру ұзақтығының артуы.

Баяндама барысында Абылай Жексембай 2050 жылға қарай БЖЗҚ және БҰҰ болжамдары бойынша 60 жас және одан үлкен адамдардың үлесі қазіргі 13,9%-дан 18,8%-ға дейін, 65 жас және одан үлкен адамдардың үлесі қазіргі 9,2%-дан 13,6%-ға дейін өсетінін, әлеуетті қолдау коэффициенті (еңбекке қабілетті жастағы (25-64) адамдардың зейнеткерлермен (65+) арақатынасы) бір жарым есе азаятыны айтылды. БҰҰ болжамдарына сәйкес, әлемнің көптеген елдері әлеуетті қолдау коэффициентінің төмендеу процесіне тап болады.

Бұдан кейін баяндамашы зейнетақы жүйелерін дамытудағы халықаралық тәжірибе мен жаһандық трендтер туралы айтты:

- сақтандырушы үлестіруші жүйелердің тұрақтылығы мәселелері;
- көп деңгейлі және тұрақты зейнетақы жүйелеріне көшудің жаһандық тренді;
- үлестіруші (DB) және жинақтау (DC) жүйелеріндегі зейнетақы активтерінің өсу динамикасы;
- халықаралық ұйымдардың (ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк, ХЕҰ) көп деңгейлі зейнетақы жүйесін қалыптастыру, мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөлісу жөніндегі ұсыныстары.

Сондай-ақ баяндамашы MCGPI жаһандық зейнетақы индексінің (2024 ж.) критерийлері туралы айтып берді, онда Қазақстан 64,0 балл жинап, рейтингте 24-орынға жайғасты, сондай-ақ Allianz жаһандық зейнетақы есебі туралы ақпаратты ұсынды, оған сәйкес Қазақстан жалпы 3,5 баллмен 26-орынға ие болды.

Абылай Жексембай өз сөзінде зейнетақы жүйесі сапасының негізгі параметрлерінің бірі деп ай сайынғы зейнетақы мөлшерінің алушының орташа айлық табысына қатынасы ретінде есептелетін табысты алмастыру коэффициенті (ТАК) екенін, жарналар мөлшері мен қатысу өтіліне байланысты ТАК корреляциясы туралы айтты. Ол ТАК 30%-ды (95% ықтималдықпен) қамтамасыз ету үшін 40 жылдық кезеңде 13%, 30 жылдық кезеңде 18% мөлшерінде жарналар төлеу қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша халықаралық деңгейде айтылған ұсыныстарды жария етті.

Баяндамадан кейін Гүлсара Алтынбекова жастардың шетелге көшу мәселесіне назар аударды. Ол экономикалық өсімді ынталандыру және елдегі жас мамандарды ұстап қалуға жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Ұсыныс ретінде жастардың шетелге кетуінің факторлары мен себептерін қосымша зерттеу ұсынылды.

Жұмагүл Тәжібекова БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МЗЖ) жинау жөніндегі болжамдарында ұдайы өсіп келе жатқан жасанды интеллектті қолданудың әсерін ескереді ме деген сұрақ қойды. Болашақта кәсіптердің жекелеген санаттары жоғалып кетуі мүмкін, бұл жұмыспен

камтылғандар санының қысқаруына, сәйкесінше жарналар көлемінің азаюына әкелетіні атап өтілді. Бұл сұраққа Сәуле Егеубаева жауап берді. Ол ҚР Әлеуметтік кодексінің ережелеріне сәйкес жұмыс істейтін азаматтардың барлық санаттары жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістерге қарамастан МЗЖ төлеуге міндетті екенін атап өтті.

[БЖЗҚ толық баяндамасы](http://enpf.kz) enpf.kz сайтында "Қоғамдық кеңес – хаттамалар мен презентациялар" – 30 отырыс» бөлімінде орналастырылған.

Ұсыныстар:

- БЖЗҚ стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары Абылай Жексембайдың «Актуарлық талдау: демографиялық трендтер және зейнетақы жинақтарының ағындары» тақырыбындағы баяндамасы назарға алынсын;
- Жас мамандардың шетелге кету факторының Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсерін зерделеу ұсынылсын.

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" - 8

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша ҚК төрағасы Евгений Сейпульник баяндама жасап, ҚК 2024 жылғы қызметі туралы есепті ұсынды. Ол есепті кезеңде ҚК-нің үш отырысы өткізілгенін атап өтті. Бірінші отырыс 2024 жылғы 5 сәуірде өткізілді, онда 2023 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ қызметінің нәтижелері, сондай-ақ ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқару туралы есебі қаралды. Сонымен қатар, Кеңес мүшелері "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асырудың алғашқы қорытындыларымен және оның жұмыс принциптерімен танысты. Кеңестің екінші отырысы 2024 жылғы 14 маусымда өтті, онда Б.Б. Жәмішев республикада зейнетақы жүйесін дамыту бойынша сараптамалық топ дайындаған ұсыныстарды алғаш рет жария етті. Отырыс қорытындысы бойынша сарапшылардың ұсыныстарын түсіндіретін бірнеше мақала шықты. Сараптамалық топтың ұсыныстары Үкіметке және Қазақстан Республикасының Президентіне жолданды. Сонымен қатар, Кеңес отырысында инвестициялық портфельді басқарушылардың өкілдері қатысушыларды зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелері және перспективаларымен таныстырды.

2024 жылғы желтоқсанда ҚК-тің үшінші отырысы өтті, оның барысында ҚК төрағасы мен оның орынбасары сайланды. Отырыста БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 9 айындағы қызметі туралы есеп тыңдалды. ҚК мүшелері Кеңестің мәртебесі және корпоративтік басқару шеңберінде БЖЗҚ, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы мәселені көтерді. Осы позициядан БЖЗҚ жанындағы ҚК туралы ережені қайта қарау ұсынылды.

2024 жылы ҚК отырыстан тыс жұмысты белсенді жүргізді, яғни зейнетақы жүйесіндегі жаңашылдықтар бойынша түсініктемелер берілді, сондай-ақ ҚК мүшелерінің сұраныстары бойынша тұрақты негізде ақпараттандыру жүзеге асырылды. Сонымен қатар, эксперттердің ұсыныстарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді, себебі олар үлкен қоғамдық резонанс тудырды.

ҚК 2024 жылғы қызметі туралы толық баяндамасы enpf.kz сайтында "Қоғамдық кеңес – хаттамалар мен презентациялар" – 30 отырыс» бөлімінде орналастырылған.

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" - 8

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ бойынша Евгений Сейпульник Нұрбанктің дивидендтер төлеу бойынша жұмысы қай сатыда екенін сұрады. Оған бұл мәселені ҚНРДА әлі де қарастырып жатыр деген жауап қайтарылды. Сондай-ақ проблемалық эмитенттермен зейнетақы активтерін қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда, олар бойынша есеп берілетін болады.

Пікірталас барысында дивидендтер төлемейтін компанияларды анықтау үшін инвестициялық портфельді талдау бойынша ақпарат дайындау ұсынылды.

Сондай-ақ, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша портфель құрылымы туралы ҚРҰБ есебін тыңдау, бұл ретте портфельді валюталарға бөлу перспективаларына ерекше назар аудару ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Проблемалық эмитенттердің зейнетақы активтерін қайтаруы бойынша ақпаратты келесі отырыстың күн тәртібіне енгізу;
- 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша портфельдің құрылымы туралы ақпараттандыру үшін ҚРҰБ шақырылсын.
- Дауыс бергендер:
- "қолдаймын" - 8
- "қарсымын" - 0
- "қалыс қалдым" – 0.
- Шешім қабылданды.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібінің 1 мәселесі бойынша:

- "Зейнетақы активтерін жеке басқарушылардың тиімділігін бағалау кезінде нарықтық бенчмаркке көшу" туралы ҚНРДА баяндамасы назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

- БЖЗҚ-ның "Актuarлық талдау: демографиялық трендтер және зейнетақы жинақтарының ағындары" баяндамасы назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

- ҚК-тің 2024 жылғы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 4 мәселесі бойынша:

- Келесі отырысқа проблемалық эмитенттердің зейнетақы активтерін қайтаруы бойынша ақпаратты дайындау.
- 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері және оны әртараптандыру жөніндегі одан арғы жоспарлар бойынша портфельдің құрылымы туралы хабардар ету үшін ҚРҰБ шақырсын.

Кеңес төрағасы

Е. Сейпульник

Кеңес хатшысы

М. Акмаева